

Семей Мемлекеттік Медицина университеті  
Қазақстан тарихы және жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

# СӨЖ

Пәні: Құқық негіздері

Тақырыбы: ҚР Неке және отбасы құқығының қорғау нәтижесі



Семей 2016

Орындаған: Мейрам Д.

О

132 топ

Тексерген: Камбаров

А.К

# *Жоспар:*

- I.Кіріспе
- II.Негізгі бөлім
  - 2.1Отбасы құқығының түсініктері
  - 2.2Некеге тұру.Некенің бұзылуы
  - 2.3Баланың құқықтары
- III.Қорытынды
- IV.Пайдаланылған әдебиеттер

# *Кіріспе:*

- Отбасы дегеніміз-некеден,туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы.



- **Неке** - отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі - зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық ода қажет



# Некеге тұру шарттары

- Некеге тұру некеге тұрушы ері мен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жету болып табылады. Егер неке күш көрсету, алдау, қорқыту жолымен қиылған болса, онда ол жарамсыз деп танылуы мүмкін. Некеге тұру келісімін некені тіркеу рәсімінің барысында некеге тұрушы адамның тікелей өзі ауызша білдіреді және оның қолын қойғызу арқылы расталады. Соның өзінде ата – аналарының немесе туыстарының келісімі талап етілмейді. Дей тұрғанмен, қай жағынан алып қарағанда да ата – анасының құптауы болашақ отбасы үшін өте маңызды екендігі күмәнсіз. Отбасын құру үшін неке жасына жетудің үлкен маңызы бар. Некеге тұрушылар белгілі бір рухани және күш – қуат кемелділігіне ие болуы керек, ол белгілі бір жаспен байланысты. Біздің заңымызға сәйкес неке жасы – 18 жас. АХАТ органдары дәлелді себептері болған жағдайда неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендете алады. Неке жасына жетпеген адамдардың некеге тұруы ата – аналарының келісімі бойынша ғана мүмкін.



# *Неке шарттары*







## Отбасындағы ерлі-зайыптылардың құқығы.

Неке заңды тіркелген кезден бастап отбасындағы екі адамның құқықтары мен міндеттері пайда болады. Отбасы заңының ең басты қағидасы әйел мен ер адамның теңдігі. Ерлі-зайыптылардың мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастары тең деп танылған. Қазақстан Республикасының “Неке және отбасы” заңының 29-бабына сай ерлі-зайыптылар:

-Тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады.

-әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді өз еркімен таңдауға ерікті.

-ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасының басқа да мәселелерін ерлі-зайыптылар бірігіп шешеді.

-өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасына жәрдемдесуге, өз балаларының өсіп-жетілуіне, олардың әл-ауқатына қамқорлық жасауға міндетті.

# Отбасы мәселелері



Схема 6.7. Қазіргі отбасы мәселелері



# Отбасы түрлері

- Отбасының толық және толық емес түрлері болады. Толық отбасында ата-анасы, балалары және әдетте, әкесі жағынан да және шешесі жағынан да аға ұрпақ өкілдері — атасы мен әжесі болады. Толық емес отбасы балалардың ата-анасының біреуінің ғана болуымен сипатталады. Соның өзінде балалардың ата-аналары ажырасқан болса, балалары соның қарамағында қалған ата-анаға екінші жағы балаларды және еңбекке жарымсыз ерлі-зайыптыны бағып-қағу үшін алимент төлейді. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі қайтыс болып, екіншісінің қарамағында кәмелетке толмаған балалары қалса, онда оған мемлекет жәрдемақы ретінде материалдық көмек көрсетеді. Сөйтіп, толық және толық емес отбасы да тең жағдайда заң және мемлекет арқылы қорғалады.



**Схема 6.5.** Отбасының өмір сүру кезеңдері циклі

# Некеге тұру, некенің бұзылуы



## Неке шарты

Некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісімі неке шарты деп аталады. Неке шарты мүлікке қатысты қолданылатын азаматтық шарттардың бірі. Неке шарты неке мемлекеттік тіркелгенге дейін де, неке заңды тіркелгеннен кейінгі барлық уақытта жасалады.



Неке шартын тоқтату жұбайлардың өзара келісімі болған кез келген уақытта жүзеге асады. Неке шартын нотариалды куәландырылып, жазбаша жасалынады. Неке шартынан бір жақты бас тартуға жол берілмейді. Неке тоқтатылған кезде неке шарты да тоқтатылады.

# Некенің бұзылуы

- Ерлі – зайыптылардың көзі тірі кезінде неке, олар ажырасса ғана тоқтатылады. Ажырасу арқылы некенің тоқтатылуы, АХАЖ органдары немесе сотта заңда белгіленген тәртіп бойынша іске асырылуы мүмкін. Некені бұзу АХАЖ органдарында ерлі – зайыптылардың бірлескен және жекелеген ерекше жағдайларда – жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша жүргізіледі. Ал сотта некені бұзу ерлі – зайыптылардың екеуінің бірлескен, сондай – ақ жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша жүргізіле береді. Некені бұзу үшін мынадай үш шарттың болуы қажет:
  - - АХАЖ органдарында ерлі – зайыптылардың некені бұзу жөніндегі өзара келісімі;
  - - кәмелетке толмаған балаларының болмауы;
  - - бір – біріне мүліктік және өзге де талаптарының болмауы.

# Некенің бұзылуы





## Отбасындағы балалар құқығы

Балалар құқығы туралы Конвенция 1993 жылы БҰҰ-ның Конвенциясына қосылды. Бала әкесінің атын және тегін алуға құқығы бар. Баланың ата-аналарының келісімі бойынша жүзеге асады. Балаға ата-тек беру мәселесі әкесінің ата-тегі бойынша немесе ұлттық дәстүрлерді ескере отырып жүзеге асырылады. Баланың ата-анасының екеуі де белгісіз болса болған жағдай болған реттерде баланың тегін, атын қорғаншы және қамқоршы орган қоюға құқылы.

Ата-аналар бала 16 жасқа толған соң атын немесе ата-тегін өзгерте алады. 16 жасқа толған бала атын, тегін өз еркімен таңдауға құқылы. Егер бала 16 жасқа толмай ата-аналар өз еркімен атын, ата тегін өзгертуге ниет білдірген жағдайда қамқоршылық және қорғаншылық органына өтініш беруге құқылы.

Бала 14 жастан бастап сотқа шағымдануға құқылы.



# Қорытынды

- Сонымен қорыта келе адам өмірінде некенің орны маңызды орын алатынын түсіндім және де Абай атамыз айтқандай <<Махаббатсыз дүние бос хайуанға оны қосындар>>демекші неке құру үшін махаббатта маңызды роль атқарады деп ойлаймын.<<Отан отбасынан басталы>> демекші отбасымыз қандай берік,мықты болса Отанымызды қорғау біз үшін қиынға соқпайды деген ойдамын



# *Пайдаланылған әдебиеттер*

- I.Қ.И.Оспанов <<Құқық негіздері>>  
Алматы Жеті жарғы 2007 ж
- II.Қазақ Совет энциклопедиясы  
<<Алматы 1977 ж>>
- III.[www.kukyk.kz](http://www.kukyk.kz)

*Назарларыңызға рахмет!!!*

